

ЕГЕР СІЗДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛЕТІНІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТ ЖОҚ БОЛСА:

Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін растайтын сертификатты алу үшін кандидат Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (ресми-іскерлік қазақ тілін тестілеу) QAZAQ RESMI TEST онлайн-сервисі арқылы немесе Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығында (қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі — ҚАЗТЕСТ) тестілеуден өтуі қажет.

QAZAQ RESMI TEST – тестілеу онлайн форматта өткізіледі және кандидатқа ыңғайлы кез келген уақытта 24/7 қолжетімді. Әрбір кандидатқа QAZAQ RESMI TEST жүйесінде тестілеуден тегін өту үшін бір реттік промокод беріледі, және промокод 2025 жылғы 29 маусымға дейін ғана қалыптастырылады. Тестілеуден 30 маусым күні сағат 13:00-ге дейін өтуіңіз қажет. Тестілеуден қайта өту – ақылы негізде жүзеге асырылады. QAZAQ RESMI TEST тестілеу тәртібі туралы толық ақпаратты ресми сайттан алуға болады: <https://www.qrt.kz/>

ҚАЗТЕСТ – тестілеу ақылы түрде, оффлайн форматта, Ұлттық тестілеу орталығы бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі. ҚАЗТЕСТ тестілеу тәртібі мен оның бағасы туралы мына сілтеме арқылы танысуға болады: <https://testcenter.kz/ru/kaztest/>

ҚАЗТЕСТ тестілеуіне қатысу үшін үміткер <https://app.testcenter.kz/auth> сайтына тіркеліп, жеке кабинетте «Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі ҚАЗТЕСТ» бөлімін таңдап, тестілеу туралы ақпаратпен мұқият танысып, бекітілген кестеге сәйкес бос орын болған жағдайда өтінім беруі қажет.

Маңызды!

Белгіленген мерзімдерге сәйкес, QAZAQ RESMI TEST немесе ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өткендігі туралы сертификатты беру мерзімі – 2-ден 10 жұмыс күніне дейін уақыт алады. Осыған байланысты, нәтижелерді уақытында алу және мемлекеттік тілді меңгеру туралы сертификатты тіркеу аяқталғанға дейін ұсыну үшін тестілеуден алдын ала өту қатаң түрде ұсынылады.

Назар аударуыңызды сұраймыз, кандидаттарды тіркеу 2025 жылғы 30 маусым, Астана уақытымен сағат 23:59-да аяқталады. Сертификатты ұсынбау немесе оны кешіктіріп ұсыну – Сіздің іріктеуге қатысуға берген өтініміңіздің қабылданбауына себеп болады.

Ескерту!

Мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат бойынша ақпарат енгізілгеннен кейін промокодты қалыптастыру мүмкіндігі қолжетімсіз болады.

QAZAQ RESMI TEST жүйесінде тегін тестілеуден өтуге мүмкіндік беретін промокод алу үшін, алдымен тестілеу ережелерімен танысып, содан кейін промокодты қалыптастыру қажет.